

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИГІНДЕГІ
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ

Мен бүкіл ұжым жиналған аппараттық жиналыста облыс депутаттарының (сессиясында) алдында оқылатын баяндаманы жазуда Рүстемовке кім көмек берді деп сұрадым. Үн қатқан адам болмады. Басқа екінші нұсқасын бүкіл ұжым жазды. Негізгі оқылатын баяндаманың ішіне сен жазғанның 80 пайызы енді. Бұл мен үшін күтпеген жаңалық. Жақсы істелінген жұмыс. Ойымнан шықты.

Санжар ЖАНДОСОВ,
Шымкент облыстық атқару комитетінің
төрағасы (1986 жыл, сәуір айы)



Әкім ЫСҚАҚ,
қоғам қайраткері, белгілі ақын, сазгер:

«ХАЛҚЫНА БЕРЕРІ МОЛ АЗАМАТ»

Бақытқожа Төлегенұлымен таныстығым Президент аппаратында қызметте жүргенде бастау алды. Онда мен ақпарат бөлімінде, ол кісі ішкі саясат бөлімінде жұмыс істейтінбіз. Адамның адамдығы араласа келе білінеді ғой. Қызмет бабында жүріп оның, түрлі-түрлі сындардан өткен, азаматтық деңгейі жоғары, әр адаммен қалай сөйлесу керек екенін білетін, өмірде өзіндік ізін қалыптастырған жан екендігіне көз жеткіздім. Қызметте адал еңбегімен, еңбекқорлығымен басшылардан, халқынан тек ыстық ықылас пенен жылы лебіз естіп жүрді. Кейінгі кездері де қарап отырмай халықаралық публицистика, халықаралық журналистика тақырыбында қалам тербеп жүрген қазақтың дара ұлдарының бірі. Халықаралық публицист дәрежесіне көтерілу, кез келгеннің қолынан келе бермесі анық. Бұл аталған дүниелердің баршасы инемен құдық қазғандай аса зор жауапкершілікті іс екендігі белгілі. Қолға қалам ұстау жан-жақтылықты, салмақтылықты, таланттылықты қажет етеді. Жай ғана қалам ұстап қоймай, жыл сайын жаңа кітаптар шығарып, екі тілде қатар жазу үлкен жүректіліктің, дарындылықтың белгісі. Еліме айтарым мен берерім көп деп жүрген үлкен талант иесінің жүрегі әлі жас. Шығармашылығы арқылы елінің еркесіне айналды. Ағамыздың ішкі сырының айтары сарқылмай, асқаралы биіктерді бағындыра берсін.

*Осыдан бес жүз жыл бұрын
Американы Колумб ашқан болса,
бүгінгі таңда оны қазақстан-
дықтарға және Орта Азияның
басқа халықтарына Рүстемов
жаңа қырынан таныстырды.*

Қазақстандағы, Қырғызстандағы және
Тәжікстандағы Куба Республикасының
Төтенше және өкілетті елшісі Абелардо
Фабио Эрнандес

